



2019 жылдың 28 қарашасы күні сағат 11.00-де С.Жиенбаев атындағы облыстық жасоспірімдер кітапханасы «Рухани жанғыру» бағдарламасы аясында Түнгыш Президент күніне орай Батыс Қазақстан облыстық Х.Есенжанов атындағы жасоспірімдер кітапханасымен бірлесе онлайн режимінде «Біз Елбасымен біргеміз!» атты Назарбаев оқуларын өткізді.

Атаулы шараға «Жас Отан» жастар канатының Ақтобе облыстық филиалының торағасы Асылжан Бүркіталин, Ішкі саясат басқармасының маманы Жарас Аюпов және кітапхана оқырмандары мен қызметкерлері қатысты. Сондай-ақ оралдық оқырмандар мен кітапхана қызметкерлері қатысты.

Максаты: қазақ халқының түнгыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру. Елбасының ұстанымын, халық үшін жасаған ерен еңбегін үлгі етіп, жастарды Отанын, халқын, жерін сүйге, батылдыққа, азаматтыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

Шараны жүргізген Лаура Ерікқызы Елбасы еңбектерінің тақырыптарында ел экономикасын, ел тарихын, ұлт рухын, халықтың салт-санасын дұр сілкіндіріп оятқан ойлар, мол өмірлік тәжірибе, гибратты тағылым жазылғандығы туралы ақпарат береді. Сонымен қатар кеш барысында оралдық оқырмандар Елбасымыздың өмірі, еңбек жолы мен қызметтері туралы мәліметтерді айтты. Түнгыш Президент күніне арналған шарада «Жас Отан» жастар канатының Ақтобе облыстық филиалының торағасы Асылжан Бүркіталин Елбасының елінің дамуына қосқан үлесі туралы өз ой-пікірімен бөлісіп, Ақтобе гуманитарлық колледжінің студенттері Елбасыға арнау және оның нақыл сөздерін оқыды.

Шара барысында «Ел бастаған Елбасы», «Назарбаев кітапханасы», «Назарбаев еңбектері» слайды көрсетіліп, тақырыпқа сай кітап көрмесі ұйымдастырылады.

«Біз Елбасымен біргеміз!» Назарбаев оқулары

Автор: Administrator
28.11.2019 00:00 -

